



Жорабек НҰРЫМБЕТОВ,
Қазсушар» РМК
Қызылорда филиалының
«Қызылордасушар» өндірістік
учаскесінің басшысы, облыстық
мәслихат депутаты:

СУ ҚАДІРІН БІЛЕТІН КЕЗ КЕЛДІ

Соңғы жылдары әлемде суды көбірек тұтыну өсе түскен. Мұны сарапшылар халық санының өскенінен бөлек, адамдардың жақсы өмір сүруге ұмтылысы, диеталық тағамдарға бет бұра бастауы да суды көбірек тұтынуға әсер еткенін айтып отыр. Бір қарағанда, тым қарабайыр себеп сияқты көрінгенмен, бұл кейбір елдегі су тапшылығы мәселесіне айналуға бастау береді. Сарапшылар атап көрсеткендей, халқы тұтыну рациясын өзгерткен, яғни ет өнімі мен дәнді дақылдарды күнделікті жиі пайдалануға бет бұрған Бразилия, Қытай, Индия елдерінде су тапшылығы сезіледі. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығымен айналысатын елдер үшін су жылдан-жылға қат дүние болып отыр. Мамандар алдын ала болжағандай, алдағы уақытта барлық егістік жерлердің шамамен 10 пайызы және жайылымдардың 14 пайызы құрғақшылыққа ұшырайды, ал суармалы егістік жерлердің 60 пайызы су тапшылығына тап болады. Осы орайда өңірдегі су жайы, су үнемдеуге деген көзқарас жайында «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалының «Қызылордасушар» өндірістік учаскесінің басшысы Жорабек Нұрымбетовпен сұхбаттасудың сәті түсті.

3-БЕТТЕ



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Аялаймын сені, Қызылорда!

18 шілде
сенбі

№53 (2265)

2026 жыл

апталығы

■ ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ –2026

ЖАҢА САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ: НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР ҚАНДАЙ?

Қазақстанда алдағы Құрылтай депутаттарының сайлауы жаңа Конституция негізінде өтеді. Бұл сайлау бірқатар ерекшелігімен дараланады. Ең басты өзгеріс – сайлау жүйесінің толықтай пропорционалды үлгіге көшуі. Бұған дейін Парламент депутаттары аралас – пропорционалды-мажоритарлық жүйе бойынша сайланса, ендігі жерде сайлаушылар тек саяси партияларға дауыс береді. Ал Құрылтай құрамына партиялардың съезінде бекітілген кандидаттар ғана өте алады. Мамандардың пікірінше, бұл жүйе сайлау процесінің ашықтығын арттырып, заң бұзушылықтың алдын алуға және заң шығару жұмысын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.



Құрылтай депутаттарының сайлауын ұйымдастыру мен өткізуге Үкімет резервінен 34,3 млрд теңге бөлінді. Орталық сайлау комиссиясының мәліметінше, қаражаттың негізгі бөлігі, яғни 8,5 млрд теңге ел бойынша қызмет атқаратын 70 мыңнан астам сайлау комиссиясы мүшесінің еңбекақысын төлеуге бағытталған.

Биыл республика көлемінде 10674 сайлау учаскесі жұмыс істейді. Сонымен

қатар 47 жаңа учаске ашылады. Бөлінген қаржы есебінен сайлау бюллетеньдері, ақпараттық плакаттар, әдістемелік материалдар әзірленіп, сайлау комиссиялары қажетті байланыс, көлік және техникалық құралдармен қамтамасыз етіледі.

Айта кетейік, алдағы сайлауда еліміздегі жеті саяси партиядан барлығы 546 кандидат ұсынылған.

2-БЕТТЕ

■ ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Осыдан екі жыл бұрын республика бойынша ыстық сумен қамтылмаған облыс орталықтарының бірі – Қызылорда қаласы еді. Мемлекет басшысының қолдауымен бұл мәселе де оң шешімін тауып, көпқабатты үйлерге ыстық су пайдалануға беріле бастаған еді. Облыс орталығын ыстық сумен қамту жұмыстары жалғасын табуда. Бүгінде «Ыстық су қашан беріледі?», «Су қысымы неге төмен?», «Жүйеге қосылғаннан кейін судың сапасы қандай болады?» деген сұрақтар әлеуметтік желілерде көптеп қойылууда.



Осыған байланысты «Қызылордажылуэлектрорталығы» мекемесі атқарылып жатқан жұмыстарға қатысты ресми түсініктеме берді. Бүгінде рейд барысында «Ақмешіт» және «Шұғыла» шағын аудандарындағы көпқабатты тұрғын үйлерді ыстық су жүйесіне қосу жұмыстары жүргізілуде. Тұрғындардың үйлеріне сапалы әрі тұрақты ыстық су жеткізу мақсатында сорғылардың сүзгілері уақытылы тазартылып, техникалық тексеру және ревизия жұмыстары жүзеге асырылуда.

Мамандардың айтуынша, күн сайын жүргізілетін бақылау нәтижесінде судың сапасы мен жүйедегі қысым көрсеткіштері тұрақты қадағаланады. Бұл жұмыстар тұрғындарды сапалы қызметпен қамтамасыз етуге бағытталған.

Техникалық жұмыстар кезең-кезеңімен ыстық су жүйесіне қосылған өзге де көпқабатты тұрғын үйлерде жалғасалы. Мекеме өкілдері тұрғындарды жүргізіліп жатқан жұмыстарға түсіністікпен қарауға шақырады.

«Ақмешіт-
ақпарат»



■ БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

ТОЙ НАУҚАНЫ: 5 КҮН ТОЙЛАЙСЫҢ, 5 ЖЫЛ ТӨЛЕЙСІҢ



Қазақта той көп. Шілдехана, бесік той, тұсаукесер сүндет той, үйлену той, мерейтой... Жаз шыққалы той көбейді, тойханалар неше ай бұрын тапсырыс алып қойған. Тамыз айы той науқанының қызатын шағы десек те болады. Себебі осы айда тойдың саны арта түседі. Күз мезгілі молшылықтың кезеңі деп, күзді күтіп жүрген ағайын қаншама?! Қазір тіпті 40-50-60 жасты мейрамханаға 200-300 адам шақырып, дүркіретіп өткізетін болған.

4-БЕТТЕ

■ МӘСЕЛЕ



АШУШАҢ БАЛА, ДӘРМЕНСІЗ АТА-АНА

Қазіргі кезде ата-ана үшін бала тәрбиесі қиын екенін мойындау қажет. Оған себептің бірі – әлеуметтік желі мен компьютерлік ойындар. Американдық әлеуметтанушылардың зерттеуінше, АҚШ-та балалардың басым бөлігінде қатыгездікпен ғана мақсатқа жетуге болады деген түсінік қалыптасқан. Ал психологтардың зерттеуінше, кез келген бала телеарнадан немесе телефондағы ойындардан бір сағаттың ішінде орташа есеппен 5-6 рет ұрып-соғу көрінісін тамашалайтын болса, оның миында адамға қол жұмсау бейімділігі қалыптасып үлгеретіні анықталған. Себебі бұл жерде жағымсыз кейіпкермен қатар жағымды кейіпкер де нағыз қылмыскерлер секілді адамға қол жұмсайды. Бүгінгі балалардың болмысы осы зерттеуге сай келеді. Бір үйде тұратын кішкентай 3-5 жастағылардың

өзі бір-бірін аямай ұрып жатқанын көріп жүрміз. Одан бөлек, бүгінгі бала ашушаң. Көптеген ата-ана «балам айтқанды тыңдамайды, телефон бермесем жылайды, түнде ұйықтамайды» деп шағымданады. Тіпті әлеуметтік желілерде де балалардың бақырып жылап жатқан видеолары жиі тарап, пікір жазушылар бұл құбылысты «2023 жылдан кейінгі балалардың ашушандығы» деп сипаттап жатады. Айтқанынан қайтпайтын, ойындағысы болмаса жер тепкілеп жылайтын баланың көбеюі расында алаңдатарлық мәселе. Дегенмен, мұндай балаларды жүйкесі жұқарған деп те айта алмайсың. Ата-аналарды алаңдатып жүрген мәселе бойынша психолог-маманның пікіріне құлақ асқанды жөн көрдік. Балалар психологы Гүлдана Бабаомарова балалардың ашушаң болуын нақты бір жылдарға бөліп қараудың қажеті жоқ екенін айтады.

3-БЕТТЕ


БҮГІНГІ
САНДА:

АРАЛДЫ ӘЛЕМ ТАНЫСА ДЕЙМІН

2

БАЛАҢЫЗ ҚАЙДА ЖҮР?

4



– Әлемдік сарапшылар болашақта су алтын мен мұнайдан да қымбат, яғни келешектің валютасы дегенді жңі айтып жүр. Әлем дабыл қаққан су мәселесіне қоғам көзқарасы қалай?

– Адамзат үшін ауадан кейін ең қажеттісі – су. Климаттың жылынуына байланысты дүниежүзі бойынша су тапшылығы сезіледі. Мұны бүкіл дүниежүзілік қауымдастық мойындап, түрлі шаралар қабылдауда. Бұл мәселе Қазақстанды да айналып өтпейтіні анық. Оның ішінде Сыр өңірінде де су тапшылығының әсері сезіледі. Шыны керек, осы уақытқа дейін судың қадірін білмедік, әлі де бағаламай келеміз. Суды таусылмайтын байлық деп санап, әлі күнге дейін ауызсуды көлік жууға, бақша суаруға және басқа мақсаттарға есепсіз пайдаланамыз. Бұл біздің суға деген көзқарасымыз қандай екенін білдіреді. Жалпы су болашағына немқұрайлы қарауға болмайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Судың да сұрауы бар» екенін әрдайым өз Жолдауында, Сыр өңірінде өткен Құрылтай отырысында атап айтып, су мәселесіне назар аударып келеді. Өйткені келешекте су мұнай мен алтыннан да қымбат болуы мүмкін. Халық мұнайсыз күн көре алатыны анық, ал сусыз өмір жоқ екені белгілі. Сондықтан суды «келешектің валютасы» деп атайды. Африка елдерінде бір литр судың бағасы бірнеше доллар тұрады. Соның өзінде суды ақшасына қарай емес, жан басына қарай өлшеп береді. Судың әр тамшысы бағалы десек те болады. Су тапшылығын дәл қазір болмаса да келешек ұрпақ сезінуі мүмкін. Қазірдің өзінде жерасты суы азайғанын байқауға болады. Жерүсті суы мен жерасты суы екеуі бір-бірімен байланысты. Жер бетіндегі су азайса, жер астындағы су да кемиді. Мысалы, қаладағы «Арай» шағын ауданында бұрын үнемі ыза су көтеріліп жататын еді. Кейінгі кезде сол ыза су кетіп қалды. Сондай-ақ қала аумағында, мысалы, бұрын жерді жеті-сегіз метр тереңдікте қазса, су шығатын, қазір 16-15 метр тереңдікке кетіп қалды. Демек, жерасты суы да азайып барады.

– Ғылыми деректерге, нақты цифрларға сүйенбей-ақ жыл сайын су көлемі азайып келе жатқаны сезіліп келеді. Әсіресе, бұл дикандардың бас ауруы. Су маманы ретінде алдағы уақытта ауыл шаруашылығы саласы қандай бағытқа бет бұруы керек деп ойлайсыз?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Судың да сұрауы бар» екенін әрдайым өз Жолдауында, Сыр өңірінде өткен Құрылтай отырысында атап айтып, су мәселесіне назар аударып келеді. Өйткені келешекте су мұнай мен алтыннан да қымбат болуы мүмкін. Халық мұнайсыз күн көре алатыны анық, ал сусыз өмір жоқ екені белгілі. Сондықтан суды «келешектің валютасы» деп атайды.

– Ғылыми дерекке сүйенбей-ақ көзбен көргенімді айтайын. Жылда Шардар су қоймасында экологиялық тепе-теңдікті сақтау үшін, яғни анығын айтқанда, батпақтанып кетпеу үшін 1 млрд текше метрге дейін су қалдыратын едік. Былтыр су тапшылығына байланысты Шардар су қоймасындағы су деңгейін 216 млн текше метрге дейін төмендетіп жібердік. Осы салада қанша жыл еңбек етіп жүріп мұндай жағдайды бірінші рет көрімі. Су тапшылығының әсерінен Қызылорда, Түркістан облысындағы егіншілер сусыз қалмау үшін осындай қадамға бардық. Биыл мұндай жағдай қайталанған жоқ, дегенмен былтырғы жылмен салыстырғанда жоғарыдағы су қоймаларындағы су көлемі 2,5 миллиардқа дейін кем болды. Ең бастысы, биыл егінге су жеткізу қиын болып жатқан жоқ. Дегенмен жылдан-жылға судың азайып бара жатқанын сезініп отырмыз. Сондықтан суды ұқыпты пайдалануға бүкіл халық аталысуы керек. Шынында, су енді көбеймейді, бұл енді азайғаны азайған, оның үстіне ауа-райы да жылдан-жылға ыстық болып барады. Жалғыз бізде ғана емес, жаһандық жылыну салдарынан Солтүстік мұзды мұхиттағы мұз еріп, көптеген елді мекенді су алып жатыр.

Кейінгі кезде Сырдария өзеніне жоғарыдан түсетін судың көлемі жылдан-жылға азайып келе жатқанын сезініп келеміз. Осыған байланысты суды үнемдеп пайдалану технологияларын іске асыруымыз қажет. Біріншіден, егістік жерлерді тегістеу, ішкі су жүйелерін тазалау, су жүйелерінде орналасқан гидротехникалық құрылыстардың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету, суды аз пайдаланатын дақылдарды егуге көшу. Кейінгі кезде суды үнемді пайдалану мақсатында су үнемдейтін технологияларды пайдалануға көшуіміз. Әсіресе біздің облысы үшін ең тиімді әдіс – күріштік жерді лазерлік тегістеу. Бұл өз кезегінде суды 20 пайызға дейін үнемдейді, өнім 30 пайызға дейін жоғары болады. Мемлекеттен жоғарыда аталған технологияларды пайдаланғанда су жеткізіп беру қызметіне 80 пайызға дейін жеңілдіктер беріледі. Биыл облысқа суды үнемді пайдалану технологиясын енгізген су пайдаланушыларға 10 млрд-қа жуық субсидия бөлінді. Бүгінгі күні мамандарды ойландыратын мәселе әр су пайдаланушы суды ұқыпты пайдалану үшін су пайдаланатын шаруашылықтар су саласының маманын ұстау қажет. Екіншіден, су өлшегіш құрал әр шаруашылықтарда болу қажет және оны пайдалана білу керек, су пайдаланушы су мәдениетіне бейімделетін уақыт жетті деп есептейміз. Бүгінде мемлекет тарапынан суды үнемді пайдалану мақсатында миллиардтаған қаржы бөлінуде, сол қаржыны тиімді пайдалану қажет.

– Су үнемдеуге келгенде су мамандары, экологтар ғана дабыл қаққаны болмаса, жалпы халықтың суға деген көзқарасын әлі де өзгерту керек екені байқалады...

– Сыр өңірі судың қадірін де, қасиетін де біледі, дегенмен әлі де суға деген көзқарасты өзгерту керек. Кейбір тұрғындар суды таусылмайтындай көреді. Ауызсуды есік алдына су себуге, бақша суаруға пайдаланады. Өзім есік алдындағы бақшаны суару үшін 13 метр тереңдіктен алып отырмын. Үйіме келгендерге «бақшаны осылай суаруға болады» деп кеңес беремін. Біз жерасты суын дұрыс пайдаланбай жатырмыз.

Басы 1-бетте

Жорабек НҰРЫМБЕТОВ,
Қазсушар» РМК Қызылорда филиалының «Қызылордасушар» өндірістік учаскесінің басшысы, облыстық мәслихат депутаты:

СУ ҚАДІРІН БІЛЕТІН КЕЗ КЕЛДІ



шаруашылығына қосады. Өгей баланың күйін кештік. Осы уақыт ішінде гидротехникалық құрылыстарды, ірі су жүйелерін сақтап қалдық десек те, су саласының халі өте мүшкіл еді. Елімізде 2023 жылы Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылды. Бұл құрылым республика бойынша су шаруашылығының дамуына зор үлес қосты деуге болады. Біріншіден, Су ресурстары және ирригация министрлігі құзырындағы су жүйелеріне күрделі және жай жөндеу жұмыстары жүргізіле бастады. Біздің облысқа 70-ке жуық жер қазатын, тегістейтін ауыр техникалар бөлінді. Соның арқасында былтырдың өзінде 15 каналға тазалау жұмыстары жүргізіліп, бұл өз кезегінде су пайдаланушыларға суды ысырапсыз пайдалануға мүмкіндік берді. Су тапшылығына байланысты облыс бойынша 120 су тартқыш насосы бөлінді. Жалпы министрлік құрылғалы су шаруашылығының жай-күйі жақсара бастады. Сондай-ақ каналдарды бетондау жұмысы қолға алынды. Қазір Қызылжарма каналын бетондау жұмысы жүріп жатыр. Сондай-ақ кадр мәселесі шешімін табуда. Бұрын су реттеуші таба алмайтын едік. Қазір жалақысы көтеріліп, жағдай жақсарған соң кадрлар да тұрақталды.

– Салада біраз серпін бар екені белгілі. Су мамандарының ізін жалғастыратын жас мамандар бар ма?

– Шынын айту керек, бүгінгі күнге дейін ҰБТ-дан ең төмен балл жинағандар, оның ішінде қыздар су шаруашылығы мамандығын оқыды. Қазір су саласындағы жас мамандардың 50-70 пайызы қыздар. Бұл салаға ер адамдар қажет. Себебі қыздар су жағалап жүре алмайды. Әлі де маман тапшылығы сезіледі. Министрліктің өзінде кадр тапшылығы бар. Дегенмен Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Жамбыл облысында арнайы гидро-мелиоративтік оқу орны ашылды. Қызылорда, Астана, Алматы қалаларындағы жоғарғы оқу орындарында арнайы гидромелиоративтік факультеттер ашылды. Министрлік тарапынан жылма-жыл сол жоғарғы оқу орындарына арнайы квота беріледі, сондай-ақ Қызылорда облысы әкімдігі жылма-жыл 24 квота бөлуде. Бүгінгі күні жастарда су шаруашылығы мамандығын оқуға ынта бар, келешекте маман тапшылығы болмайды деп ойлаймын.

– Жаңа технологияның сәт сайын дамыған заманында су шаруашылығы саласына қандай жаңалықтар енгізілді?

– Мемлекет басшысы су үнемдейтін технологияны қолданасқа енгізу қажет екенін айтты. Бұл жұмысты барлық аймақ қолға алды. Су шаруашылығын цифрландыру жұмысы жүйелі жүргізіліп келеді. Біріншіден су берушімен, су пайдаланушылар арасында келісімшарттар электронды нұсқада жасалауда. Су өлшегіш құрылғылар қолданысқа енгізілуде. Әр су жүйесінің басындағы гидротехникалық құрылыстарды автоматтандыру жүйесі бірте-бірте іске асыру жоспарлануда. Жалағаш ауданында бір шаруашылық Швейцарияның «Рубикон» компаниясының су үнемдеу құрылғысын орнатып, жұмыс істеуде. Бұл құрылғы қажет суды ғана жіберіп, реттеуші қызметін атқарады. Мұның бағасы өте қымбат. Қазақстандық «Сайман» компаниясы дәл осындай су реттегіш құрылғы шығаруда. Биыл Ыбырай Жақаев атындағы қазақ күріш ғылыми зерттеу институты Қарауылтөбедегі егін алқабында автоматты су реттегіш «Сайман» құралдарын орналастырып, пилоттық бағдарлама ретінде іске қосуда. Бұл технологияны алдағы уақытта барлық шаруашылық пайдаланатын болса, су беруші мен су алушының арасында түсінбестік болмайды.

Тағы бір айта кетерлігі, қазір жаңбырлатып, тамшылатып суару технологиялары қолға алынууда. Бұл әдіс күріш егістігіне болмайды. Біз қазір жерді лазерлік тегістеу арқылы суды үнемдеудеміз. Өкінішке қарай, мемлекет жаңбырлатып суару әдісін қолданған шаруашылықтарға су жеткізіп беру құнына 70-80 пайызға дейін субсидия береді. Ал лазерлік тегістеу технологиясына субсидия қараламаған. Әйтпесе, бұл да суды үнемдеу жолындағы үлкен еңбек.

– Өткен жылы Су кодексі қабылданғаны белгілі. Маңызды құжат салаға қандай өзгеріс әкелді?

– Су кодексі суға деген жауапкершілікті күшейтті. Су саласының инспекторларының санын екі есе көбейту, су пайдаланушылар суды ұқыпсыз, рұқсатсыз пайдаланған жағдайда қолданатын іс-шара қатаң десек болады. Одан бөлек, су көздерін ластауға, өз бетінше иеленіп алуға қатаң тыйым салынатын бап енгізілді. Су кодексіне еңбей қалған мәселелерді министрлік тарапынан арнайы нормотивтік қағида бекітілді. Сол қағидада барлық су пайдаланушылар мен су берушілердің міндеті мен жауапкершілігі анық көрсетілген. Ендігі кезекте Су кодексын басшылыққа ала отырып, бекітілген қағидалармен жұмыс істейміз. Бұл өз кезегінде су пайдаланушыларға су мәдениетін қалыптастыруға үлес қосады.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Кейінгі кезде суды үнемді пайдалану мақсатында су үнемдейтін технологияларды пайдалануға көшуіміз. Әсіресе біздің облыс үшін ең тиімді әдіс – күріштік жерді лазерлік тегістеу. Бұл өз кезегінде суды 20 пайызға дейін үнемдейді, өнім 30 пайызға дейін жоғары болады. Сол сияқты жаңбырлатып, тамшылатып суару технологияларын пайдалану.

Қазақстан бойынша жерасты суын пайдалану үлесі 6 пайыз ғана, өте аз. Ол су ішуге жарамайды, бірақ техникалық су ретінде пайдалануға, бақша суаруға, көлік жууға жарайды. Сондай-ақ пайдаланылған суды қайта өңдеу жұмысы да өте баяу жүруде. Өңірде «Вагон депосы» деген мекеме бірнеше жылдан бері қайта өңделген суды пайдалануды қолға алды. Бұл мекеме вагон жуған суды қайта өңдеп, пайдаланып отыр. Мекеменің су үнемдеу жұмысын арнайы барып көрдік. Өте тиімді жасаған, суды шығындамайды, бұл өзгелерге де үлгі болса дейміз.

– Ұзақ жылдар бойы су шаруашылығы саласында еңбек етіп келесі. Судың жайын жақсы білетін маман ретінде сізді қандай мәселе ойландырады?

– Ауыл шаруашылығы саласына келетін болсақ, Сыр өңірінде 178 мың гектар инженерлік жүйеге келтірілген жер бар. Бұл – біздің алтын қорымыз. Осы байлығымызды сақтау үшін күріш егуді 100 пайыз қысқартуға болмайды. Біз күріш егуді тоқтатсақ инженерлік жүйеге келтірілген жерден жеңе экологиялық тепе-теңдікті бұзып аламыз. Өздеріңізге белгілі, күріш суда өседі, су болған жерде шөп өседі, ылғал болады. Бұл өңірдің экологиялық тепе-теңдігін ұстап тұруға әсер етеді. Бүгінде біз күріш егуді жыл сайын азайтып келеміз. Өткен жылы 80,9 мың гектар жерге күріш егілсе, биыл 70 мың гектар, яғни 10 мың гектарға азайттық. Енді 70 мың гектардан төмен түсіруге болмайды, себебі экожүйені бұзып алсақ, оны қайта қалпына келтіру қиын. Біздің мақсатымыз – экожүйені бұзып алмау, ал экожүйе бұзылса, экологияға нұқсан келеді, адам денсаулығына да әсер етеді. Бүгінде суды аз қажет ететін дақылдарды егуге көшу жайы көп талқылануда. Әрине, бұл бір күнде орындалатын жұмыс емес. Сырбойлық шаруашылықтар да бұл іске біртіндеп көшуде. Бұған дейін техника да, су жүйесі де, тыңайтқыш та күріш егуге лайықталғандықтан, оны бірден алмастыру қиын. Аймақта біраз шаруашылықтар кара соя, жүгері, мақсару егуде. Мәселен, биыл Жалағаш ауданында HARVEST ACRO мекемесі 8,9 мың гектарға Шиелі ауданы, 2 мың гектарға жүгері дақылын екті. Сырдария, Жаңақорған аудандары да биыл суды аз қажет ететін дақылдарды егу қолға алды.

Тағы бір мәселе – көлдер жүйесін қорғау. Сыр өңірінде бүгінде шамамен 112-дей көл бар. Ендігі мәселе сол көлдерді құрғатып алмай, сақтау керек.

– Көлдің бәрі жекенің қолында емес пе?

– Мейлі. Мәселе кімнің қолында екенінде емес, барды сақтап қалуда. Иелігіне алғандар жауапкершілікпен қараса деймін. Уақытылы су баратын жолдарды тазалап, қамқорлық жасау керек. Әйтпесе, қаншама көл құрғап қалып жатыр. Әрбір көлді кіші Арал деп қарау керек. Көлдер жүйесі бұзылса, экология бұзылады. Сол себепті бөріне де ұқыппен қарау маңызды.

Ендігі бір мәселе – Шу, Талас өзені бар. Сол өзеннен Телікөл көлдер жүйесіне (Қызылорда облысы) дейін су келетін еді. Кейінгі кезде Жамбыл облысына тиесілі болып қалды. Кейін халық қайта-қайта ұсыныс айтып, өзен суын Созақ ауданына дейін келетін етіп, су жолдарын тазалады. Енді сол Созақ ауданынан Қызылордаға қарай 70-80 км су жолын тазаласа, Сыр өңіріндегі көлдер жүйесін толтыруға

Су ресурстары және ирригация министрлігі құзырындағы су жүйелеріне күрделі және жай жөндеу жұмыстары жүргізіле бастады. Біздің облысқа 70-ке жуық жер қазатын, тегістейтін ауыр техникалар бөлінді. Соның арқасында былтырдың өзінде 15 каналға тазалау жұмыстары жүргізіліп, бұл өз кезегінде су пайдаланушыларға суды ысырапсыз пайдалануға мүмкіндік берді.


болар еді. Артылып жатса, қайтадан Сырдарияға құюға болады. Сол сияқты Жезқазған облысында орналасқан Жезді, Кеңгір су қоймасының Сарысу өзеніне жылма-жыл секундына 100 млн текше метр су тасталып тұрса, бұл Қызылорда облысының аймағындағы көлдер жүйесіне түсіп, экологиялық жағдай жақсарарды. Бұл ұсынысты Су және ирригация министріне де жеткізген едім. Енді бұл алдағы уақыт еншісінде. Біз мүмкіндігінше таудың суын, барлық су көзін пайдаланып, жинақтап, көлдер мен тоғандарды толтырып отыруымыз керек, себебі Сырдария суы жылдан-жылға азайып келеді.

Ендігі бір мәселе – халықтың суды үнемді пайдалану мәдениеті қалыптасса екен деймін. Шымкент қаласына бара жатқан жолда балық қуырып сататын кәсіпкер бар. Бірде сол жерге бұрылғанбыз. Жолаушылар үшін қолжуғыш бар екен, апсхан сыздықтап ғана ағады. Себебін сұрасақ, «суды үнемдеу үшін әдейі жасап қойдық» дейді. Бір қарағанда, қарапайым нәрсе сияқты көрінгенімен, бұл үлкен іске кішкентай қадам. Алдағы уақытта су үнемдеудің заңдық тұрғыдан талабы күшейе береді. Мысалы, көлік жуатын орын ашатын кәсіпкерлерге техникалық су пайдалану және суды қайта өңдеу технологиясын пайдалану талап етіледі. Негізі жас буынды су үнемдеуге тәрбиелеу үшін мектепте арнайы бағдарлама болу керек деп есептеймін.

– 2023 жылы су ресурстары және ирригация министрлігі құрылғаны белгілі. Жаңа министрлік салаға қандай серпін әкелді?

– Шынында, біз 30 жыл су министрлігіңіз өмір сүрдік. Бірде экология министрлігіне, бірде ауыл

АШУШАҢ БАЛА, ДӘРМЕНСІЗ АТА-АНА



телефонды алып қойған кезде, ол өзінің эмоциясын басқара алмай, агрессия танытады, – дейді психолог.

Маманның айтуынша, психологқа жүгінетін ата-аналардың тағы бір кәтелігі – баланың ұйқы режимін қадағаламауы. Түнімен телефон қарап, ұйқысы қанбаған баланың жүйке жүйесі шаршайды. Психологтар ата-аналарға ең алдымен ұйқыны реттеп, телефонды шектегенде ғана терапияның көмектесетінін ескертеді.

– Одан бөлек, баланың мінезін отбасындағы жағдай да тікелей әсер етеді. Мектеп жасына дейінгі баланың миының шешім қабылдайтын бөлігі әлі толық жетілмегендіктен, олар өздігінен сезімін тізгіндей алмайды. 13 жасқа дейінгі бала ата-ананың эмоционалдық күйін толық қайталайды. Егер үйде ұрыс-керіс, айқай-шу және тұрақты күйзеліс болса, бала бұл ашуды қалыпты жағдай деп түсініп, мінез-құлқына көшіреді. Баланы үнемі ұрып-соғып, қатал жазалау да оның психикасына үлкен жара қалдырады. Ондай бала не тұйықталып қалады, не мәселені тек агрессиямен шешуді үйреніп, ашуды қалыпты нәрсе көреді. Екінші жағынан, балаға шамадан тыс еркіндік беріп, либералды стильмен

тәрбиелеу де қауіпті. Әрбір қалауы орындалып, «жәк» деген сөзді естімей өскен бала болашақта өмірлік қиындықтарды еңсере алмайды. Мұндай балалар есейгенде қоғамда дос табудан қиналады, – дейді Гүлдана Бабаомарова.

Психолог-маман ата-аналарға баланың экран уақытын шектеуді, кешкі уақытта уақытылы ұйықтауды, эмоциясын сөзбен жеткізуге үйретуді ұсынады. Бала ашуланған кезде «не үшін ренжідің?», «саған не ұнамады?» деген қарапайым сұрақтардың өзі оның сезімін түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан баламен сөйлесу, оның сезімін тыңдау және дұрыс шекара қоя білу әлдеқайда тиімді.

– Өкінішке қарай, қазір балаларға эмоционалды интеллектін басқаруды үйрететін арнайы үйірмелер жоқ. Бала сезімін сөзбен жеткізе алмағандықтан да ашулануы мүмкін. Біз көбіне оның тек сыртқы мінез-құлқына ғана мән беріп, ар жағындағы ішкі күйзелісін байқамаймыз. Егер бала әр жағдайда өзін тоқтата алмайтын деңгейге жетсе, уақыт созбай нейрпсихолог немесе психолог маманға көрсеткен дұрыс, – дейді Гүлдана Бабаомарова.

Бүгінде қоғамда эмоциясын басқара алмайтын үлкендер де көп. Психолог-маманның сөзіне сүйенсек, мұның негізі балалық шақта жатыр. Егер бала жиі ашуланып, өзін ұстай алмайтын болса, айналасына зиян келтіруге бейімделсе немесе бұл жағдай ұзақ уақыт бойы қайталанса, психологтың көмегіне жүгінген жөн. Өйткені мамандардың айтуынша, ашушандықтың артында көбіне баланың айта алмай жүрген қорқынышы, реніші немесе эмоциялық қажуы жатады.

Бала тәрбиесінде ең бастысы – қаталдық емес, түсіністік пен тұрақты қарым-қатынас. Эмоциясын дұрыс басқаруды үйренген бала қоғамда өз орнын таба алатын, сабырлы әрі жауапкершілігі жоғары азамат болып қалыптасады.

Басы 1-бетте



БАЛАҒЫЗ ҚАЙДА ЖҮР?

Түн ортасы... Көшеде кәмететке толмаған балаларды түгендеп мұғалімдер, полиция қызметкерлері жүр. Тексеру нәтижесінде бір топ бала түнгі клубтан, кейбірі дүкеннен темекі алып, енді бірі көшеде жүр. Осы сәтте олардың ата-анасы не істеп отыр? Ең қиыны, кейбір ата-ана баласының дәл қазір қайда жүргенін білмейді.

Кейінгі кезде балаға қатысты бар жауапкершілікті мұғалімге артып қойған секілдіміз. Көптің ойында баланың тәрбиесі мен қауіпсіздігіне мектеп пен полиция қызметкерлері жауапты деген пікір қалыптасқандай. Бірақ, бір сәт ойланып көрейікші, «баланызды түн ортасында басқалар неге іздеуі тиіс?». Жакында бір мұғаліммен әңгімелескенімде ол: «Түнгі 00:00 де жасөспірімдерді көшеден көріп, ата-анасына қоңырау шалсақ, баласының қайда екенін білмейтіндер кездеседі», – делі. Расында, бейқам ата-аналар қоғамда көп пе? Бүгінде түрлі жағымсыз жаңалықтар желдей есіп тұрған заманда өз перзентінің қайда екенін білмей, қалай қаперсіз отыруға болады.

Әрине, баланың қауіпсіздігі үшін мемлекеттік мекемелер мен құқық қорғау органдары тиісті жұмыс атқаруда. Алайда, ең бірінші қорған отбасы емес пе?

Жеті түнде жүгенсіз жүргендер көп

Ресми деректерге сүйенсек, түнгі мезгілде көшеде жүретін жасөспірім көп. Бұл кәмететке толмаған балаларды бақылаусыз жіберетін ата-аналардың азаймай отырғанының дәлелі. Қазіргі уақытта аймақта «Заң мен тәртіп» қағидатын нығайту және «Құқықтық тәрбие – қауіпсіз қоғам кепілі» тұжырымдамасы аясында кәмететке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған кешенді профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Нәтижесінде биылғы алты айда 6957 әкімшілік құқықбұзушылық анықталып отыр. Сонымен қатар 4635 жасөспірімнің ата-анасы балаларының түнгі уақытта ойын-сауық орындарында немесе тұрғынжайлардан тыс жерде жүргені үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Ал қаңғыбастық пен кезбелікке салынған 155 жасөспірім бейімдеу орталығына орналастырылған. Сондай-ақ балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі міндеттерін тиісінше орындамаған 791 ата-анаға қатысты әкімшілік хаттамалар рәсімделген. Кәмететке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына жол берген 174 кәсіпкер, сондай-ақ жасөспірімдерге темекі өнімдерін сатқан 29 тұлға заң талаптарына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Балаларының тәрбиесіне немқұрайлы қарап, ата-аналық міндеттерін дәлелсіз себептермен орындамаған 4 ата-ана сот шешімімен ата-аналық құқығынан айырылып, тағы 4 ата-ананың ата-аналық құқығы шектелген.

Қазіргі таңда ішкі істер органдарының профилактикалық есебіне 75 жасөспірім мен 89 қолысыз отбасы алынып, олармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізілуде.

Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп «Жасөспірім», «Жасөспірім-2», «Демалыс», «Түнгі қаладағы балалар» жедел-профилактикалық іс-шаралары, сондай-ақ «Түнгі қала» және «Квадрат» әдістері бойынша рейд тұрақты түрде ұйымдастырылуда.

Тәрбие – тал бесіктен

Қызылорда облысы Полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Серік Ерғешов бұл мәселенің тек заң шеңберінде емес, қоғам болып шешілуі тиіс екенін айтады. Себебі жас ұрпақтың құқықтық тәрбиесі – қоғам қауіпсіздігінің маңызды бағыты.

– Занды құрметтеу – өркениетті қоғамның басты қағидаты. Жасөспірімдердің құқықтық санасын қалыптастыру тек полицияның емес, ата-ананың мектептің және бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Біз құқықбұзушылықтың салдарымен күресуден бұрын оның алдын алуға басымдық береміз. Әрбір бала қауіпсіз ортада өсіп, заңды сыйлайтын, ел болашағына жауапкершіліктен қарайтын азамат болып қалыптасуы тиіс. Бұл бағыттағы профилактикалық жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасады, – дейді Серік Ерғешов.

Көпбалалы ана Толқын Жүнісбай жауапкершілікті өзгеден іздемей, өзімізден бастағанды жөн санайды.

– Қазір көп ата-ана жұмысбастылықты сылтау етіп, бала тәрбиесін мектепке ысырып қойды. Тұрасын айтқанда, түнгі сағат 22.00-ден кейін баланың үйде болмауы – ата-ананың салғырттығы. Мен балаларыма түнгі уақытта көшеге шығуға тыйым саламын. Олардың бос уақытын қадағалап, кіммен араласып жүргенін білуге міндеттіміз. Қанша жерден жұмысбасты болғанмен, балаға қатысты шаруалар бірінші орында болуы тиіс. Жауапкершілікті мұғалімнен іздемей, өзімізден бастауымыз қажет. Мұғалімдер өзгенің баласын іздеп, неге көшеде жүруі тиіс? Әсіресе, ауылда беймезгіл уақытта мұғалімдер көше аралап жүреді. Сонда мұғалімнің баласының тәрбиесі қайда қалады? Өз баласына қашан уақыт бөледі? Осы мәселе төңірегінде ата-аналар ойлануы тиіс, – дейді көпбалалы ана.

Бала да жас шыбық секілді. Жас шыбықты қалай исе, солай өсетіні сияқты, әр бала алдымен отбасындағы тәрбиемен жетіледі. Әрине, қоршаған орта, қоғамдағы даму үрдісінің де әсері тиетіні даусыз. Дегенмен, ата-ана бақылауында болған, отбасылық құндылықтармен тәрбиеленген жас ұрпақтың өмірден өз орнын табатыны дәлелдеуді қажет етпейтін шындық екеніне ешкім дау айта қоймас. Баланыңдың қайда жүргенін білу сіздің міндетіңіз, құрметті ата-ана!

Бетті дайындаған
Айтоқын АЙТЖАНОВА
Суреттер ашық дереккөзден алынды

ТОЙ НАУҚАНЫ: 5 КҮН ТОЙЛАЙСЫҢ, 5 ЖЫЛ ТӨЛЕЙСІҢ

Қанша қаражат жұмсалады?

Той демекші, жақында ұлымызды сүңдеттедік. Сонымен, «той қашан?» деп сұрайтын адам көп. Тіпті 5 жастағы ұлымыз да «той жасап беріндер» деп отыр. Ол тойды қайдан біледі дейсің ғой. «Той жасау үшін мейрамхана іздеп көрсем бе екен?» деген ой келді. Ана жүрегі Қызылорданың 50 градус ыстығына да қарамады. Жексенбіні пайдаланып «мейрамхана аралаймын» деп шығып кеттім. Күн ыстық, 5-6 мейрамханаға бас сұқтым. Бәрі бос емес. «Тамызға енді кафе іздеп жүрсізбе?» деп күлгендер де болды. Қазіргі таңда той иелері 2-3 ай бұрын той күнін белгілеп, мейрамхана дайындап қояды екен.

Мейрамханаларды аралай жүріп біраз таныс-тұсты да кездестірдім. Нұрсұлу есімді танысым ұзату той жасауға «Кәусар» мейрамханасын таңдапты.

– Қызымды Шымкент қаласына ұзатамын. Құдаларды түскі 12:00 де шағын залда күтемін. Содан кейін кешкі 18:00-де той жасаймыз. Адам басына 11000 теңге, асханасы жақсы деген пікірлер естіген соң осыны таңдадым. Алайда асабаға 200 мың, аппаратурасы бар, безендірі бар. Қалтана көдімгідей салмақ түседі. Сосын құдалардың киті, таусылмайтын тоғыз бар. Шүкір, қазақ дәстүрден


кем емес қой. Тойда шашылайық деген ұстаныммен дайындықты бастап кеттік, – дейді ол.

Айта кетейік, қаладағы мейрамханалардың ең арзаны адам басына 8500-ден басталады. Орташа баға 13000-15000 аралығында. Ал қымбат дегені 17000-25000-ға дейін барады. Айтпақшы, несиеге де тапсырыс қабылдайтын мейрамхана бар екен. Жарнамадан байқап қалғаным, «Алатау» мейрамханасында енді құдалық, үлкен той өткізу үшін 12 айға бөліп төлеуге болады екен. Байқағаным, көптеген мейрамхана тек өздерінің келісіп қойған фото-студия, безендіру компанияларын ғана шақыруды талап етеді. Жоғарыдағы есепке сүйенсек, өте үлкен әрі қымбат емес банкет залдарына жүгінсеңіз, 100 адамға есептелген тойды 1,5-2 млн теңгеге өткізуге болады. Ал денгейі одан жоғары мейрамханаларға осы бағадан 2-3 есе шығындаласыз. Бұл мейрамхана шығыны ғана. Одан бөлек, құдалардың бір-біріне апарар киті, алтын бұйымдар, жағалы киімдер бар.

Бір тойым болса менің...

Карантин кезінде көптеген жас-жұбайлардың арманы осы болды. Тойға шектеу болғандықтан, той жасалмады.

Басы 1-бетте



Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)

Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)

Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан БӨЙМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтанның көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аттасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3291 Тапсырыс №1210

Нөмірдің кезекші редакторы Айтоқын АЙТЖАНОВА